

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
Ана мектебі бойынша қыркүйек айына жоспар

Тақырыбы: «Ана – мейірім шуағы»

Мақсаты:

Ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту;

Баланың анасымен өзара сенімін арттыру, жағымды қарым-қатынас орнату;

Балаларда анасына деген сүйіспеншілікті ояту, аналарға қуаныш сыйлау.

Қатысушылар: аналар мен балалар

Өткізу түрі: психологиялық тренинг

Ұзақтығы: 30–35 минут

Жоспары мен барысы

I. Кіріспе бөлім (5 минут)

Жүргізуші қатысушыларды қарсы алады, тренингтің мақсаты мен маңызын түсіндіреді.

Шаттық шеңбері:

«Ана – өмірдің шуағы» деген тіркесті бәрі кезекпен жалғастырады.

II. Негізгі бөлім (20 минут)

1-ойын: «Жүрек жылуы»

Ана мен балаға жүрекшелер таратылады.

Балалар жүрекшеге «Мен анамды жақсы көремін, себебі...» деп айтып жазады немесе сурет салады.

Аналар жүрекшеге «Мен баламды жақсы көремін, себебі...» деп жазады.

Соңында жүрекшелерді біріктіріп, «Мейірім ағашы» жасалады.

2-жаттығу: «Көзінді жұм да тыңда»

Балалар көздерін жұмып, анасының дауысын тыңдайды (ана баласына жылы сөз айтады).

Кейін бала да анасына жылы сөздер айтады.

Мақсаты: эмоционалдық жақындықты арттыру.

3-ойын: «Қолдың жылуы»

Ана мен бала алақандарын бетпе-бет қойып, бір-бірінің алақаны арқылы жылу сезімін жеткізеді.

Бала «Анашым, сен мен үшін ...» десе, анасы «Балам, сен мен үшін ...» деп жалғастырады.

III. Қорытынды бөлім (10 минут)

«Анамның жүрегі» рефлексиясы: әр бала анасына арнап кішкентай гүл немесе күн бейнесін салып береді.

Жүргізуші қорытынды сөз:

«Ана – отбасының шуағы, баланың тірегі. Бүгінгі тренингтен алған жылулық жүректеріңізде сақталсын».

Әнмен немесе «Анашым» тақпағымен аяқтау.

Күтілетін нәтиже:

Балалар мен аналар арасында мейірімге толы эмоционалдық байланыс нығаяды;

Баланың анасына деген сүйіспеншілігі мен сенімі артады;

Аналарға жағымды эмоция, қуаныш сыйланады.